

**«Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің отырысы**

ХАТТАМА № 9

Қатонқарағай ауылы

29.09.2023 жыл

Отырыс төрағасы: кәсіпорын директоры м.а. А.Т. Сарбасов

Қатысқандар: бөлім басшылары, музей қызметкерлері.

Күн тәртібінде: «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жауапты өкілі Орынбекова Асемгуль Орынбекқызының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресейік» атты тақырыбында қызметкерлерге арналған іс-шара.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жауапты өкілі Орынбекова Асемгуль Орынбекқызы сөз алды:

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын.

Шешім:

1. «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор екені назарға алынсын.

Директордың м.а



А.Т. Сарбасов

Комплаенс-қызметінің жауапты өкілі



А.О. Орынбекова